

Ж. ЕСЕНАЛИЕВА

ФОНОЛОГИЯ, ЖҮЙЕ, ҚҰРЫЛЫМ ҮҒЫМДАРЫ

Компаративистика үшін фонологиялық типологияның практикалық мәні зор. Фонологиялық типологияның алғышарты әлем тілдері әртүрлі болса да, барлық адамзат атаулының сөйлеу аппаратының құрылымы бірдей екендігінен шығады. Дәл осы мәселе мен байланысты көптеген зандаликтар қалыптасқан. Мәселен, әлемнің әртүрлі тілдеріне тән палатализация құбылысының айтуға болады. Бұның мәні тіл арты дауыссыздары (орыс тіліндегі – **к, г, х**) өзінен кейін тіл алды дауыстылары (орыс тілінде – **и, е**) жалғанса, өз характеристерін өзгертіп, айтылуы «жұмсарады». Бұл құбылысты лингвотехникалық түрғыдан түсіндіруге болады: тілдік аппаратты тіл арты дыбыстарының артикуляциясынан тіл алды дыбыстарының артикуляциясына тез бейімдеп, ауыстыру ете қыын. Кейде палатализация тіл арты дыбыстары (**к, г**) аффрикаттарға (**ч, ң, ңз** қос дыбыстар типтеріне) ауысуымен де ерекшеленеді. Тілдік жүйесінде палатализация құбылысы кездесетін тілдердің ортақ ештенесі жок, бірақ типологиялық ортақ ерекшеліктердің кездесуін, мысалы, орыс тілінде **пеку-печет**, итальян тілінде **amico-amici** (дос-достар), ирак араб тілінде **чиф** (қалай?) ал әдеби араб тілінде **киф (кяф)**, тілдердің фонологиялық жүйесіндегі универсалды типологиялық зандаликтар деп түсінуіміз керек.

Тіл білімі фонетикасы **жалпы фонетика** және **жеке тілдердің фонетикасы** деп екіге бөлінеді. Көптеген зерттеулерге қарағанда, жалпы фонетика сөйлеу дыбыстарын акустикалық және артикуляциялық жақтан зерттейді де, олардың сөз мағынасына қатынасы есепке алынбайды. Бұл занда жағдай, өйткені жалпы фонетика жеке бір тілге қатысты емес, ол жалпы тілдерге ортақ фонетикалық зандаликтарды тексереді.

Жеке тілдердің фонетикасы барлық тіл дыбыстарын үш аспектіде – акустикалық, физиологиялық, лингвистикалық жақтан зерттейді. Қазак тілі фонетикасы жөнінде де осының айтуға болады.

Фонетика мен фонологияның зерттелу тарихына көз жүгіртсек көптеген таласты пікірлерді кездестіреміз. Бірсыныра енбектерде фонология фонетиканың синонимі ретінде қолданылады. Ал, кейбір Батыс Еуропа лингвистері бұл екеуін бір-біріне қарсы қояды. Ағылшын тілінде дәстүр

бойынша *фонология* қолданылады. Француз тілінде фонетика мен фонологияның бір-бірінен ажыратып қарамайды. Ф. де Соссюрдің пікірінше, фонология дыбыстардың атқаратын функциясына қарап зерттелуі тиіс.

Фонемалардың тіркесу теориясының негізін салушылардың бірі Н. С. Трубецкой болды. Ол өзінің «Основы фонологии» деген еңбегінде: «В каждом языке фонемы сочетаются по специфическим для данного языка законам, которые необходимо устанавливать для каждого языка отдельно» – деген болатын [1, 274].

ХХ ғасырдың 30-жылдарында Прага лингвистері арасында тіл біліміндегі белгілі бір сипатқа ие болған бағыт структуралық қалыптасты. Прага лингвистерінің ұсынған программасында филология мен фонетиканың айырмашылығы шектеліп, айқын бөлініп көрсетілді. Бұлайша бөлу сөйлеу дыбыстары ішінен фонемаларды табуға сүйелініп жасалды. Сонымен бірге, бұл программада тілді жүйе ретінде карау және түрлі тілдер фонологиялық жүйесінің структуралық зандарын белгілеу талап етілді [2]. Прага мектебі өздерінің фонология мен фонетиканың тілдерде тіл білімінде етілді. Прага мектебі өздерінің фонология мен фонетиканың тілдерде тіл білімінде етілді.

Жоғарыда структуристердің фонетика мен фонологияға шек қоятынын айтып өттік. Мәселен, Н. С. Трубецкой фонетиканы тілдегі дыбыстардың физика-физиологиялық табиғатын, ал фонология әрбір нақтылы тілдегі дыбыстардың мағына ажырату функциясын зерттейтін ғылым деп түсіндірді.

Тілдердің фонетикалық және фонологиялық жүйесіне типологиялық түрғыдан талдау жүргізгенімізде, ондай талдау-сипаттамалар жіктеліп, әрқайсысы өз алдына дербес сала ретінде берілуі қажет. Ал дәстүрлі фонетикамызда оның бәрі араласып кеткені дау туғызбайды. Дыбыстардың жасалымы (артикуляциясы), айтылымы (акустикасы), естілімінің (перцепциясы) өзіне тән үғымдары мен атаулары бар. Оларды бір-бірімен

араластырмай, жеке - жеке талдаштыруға - фонетикалық талдау жолы.

Фонологиялық талдау үндесім (сингармонизм) заңына лайық жүргізіледі. Себебі қазак фонологиясы дегеніміз үндесім фонологиясы болып табылады. Қазақ фонологиясының ақиқат табиғатын тек үндесім фонологиясы тұрғысынан талдағанда ғана дұрыс танимыз. Сондыктan да қазақ дыбыстары үндесім заңы тұрғысынан өз алдына дербес талдануы тиіс [3, 12].

50-інші жылдары А. А. Реформатский өзінің «Тіл, құрылым және фонология» атты мақаласында фонологияға байланысты негізгі ұғымдардың негізін салды: «Без структурного понимания нельзя дать правильного... синхронного описания языка в любом его историческом статусе (будь-то сугубая современность или же какой-нибудь там XI век) совершенно невозможно строить типологию языка... То, что язык не «естественное явление», и что он не подчиняется законам природы, давно известно и не подлежит сомнению... Язык и функционирует, и эволюционизирует по своим «внутренним» законам. Вскрыть эти законы и призвана лингвистика» [4, 516]. Фонологиядағы структурализм тілдің басқа да деңгейлерін құрылымдық түсінудің бастамасы болды. Фонология – кез келген тілге тән фонема туралы, оның жүйелік-құрылымдық бірлігі туралы ілім. Тағы да А. А. Реформатскийдің анықтамасына жүгінсек: « Члены системы взаимосвязаны и взаимообусловлены в целом, поэтому и число элементов и их соотношение отражаются на каждом из членов. В понятие системы входят не только однородные элементы, составляющие систему, но и отношения между ними».

Одан ары қарай ғалым орыс тілінің дауыссыз дыбыстарының ерекшелігіне тоқталады: Егер орыс тіліндегі жуан дауыссыздарды жінішке дауыссыздармен алмастырсақ ол сөздер әртүрлі мағына береді. Мысалы: *кон-конь*, *мол-молъ*, *кров-кровъ* т.б. Дыбыстардың мұндай әртүрлі сөз құру қабілетінің өзі орыс тілінің фонетикасына қандай фонемалар кіретінінің айғағы. Бұл сөздер қосағының екеуі де жінішке дыбысқа аяқталса, онда орыс тілінің дауыссыз дыбыстары жуан және жінішке болып жіктелетінін анғармаған болар едік. Ағылшын және неміс тілінде дауыссыз дыбыстардағы жуан-жінішкелік ешқандай рөл атқармайды. Бұл тілдерде ондай белгі жок. Бірақ бұл тілдерде дауысты дыбыстардың созылынқы және қысқа айту белгісі бар (ол орыс тіліне тән

емес): салыстыр. нем. *ihm /i:m/* «օған» - *im* предлог; ағыл. *Sit «отыру» - seat /si:/t* «орындау». Бұдан кейін А. А. Реформатский «жүйе» және «құрылым» сөздеріне анықтама береді: «С и с т е м а – единство или совокупность однородных взаимообусловленных элементов. С т р у к т у р а – единство разнородных элементов (например, система рычагов, система мер, энергетическая система, система фонем или структура почвы, структура книги, структура предложения, структура языка) [5, 25].

Тілді жүйелердің жүйесі түрінде алып қарастыру тіл білімінің негізгі тұжырымдарының бірі болып саналады. Тіл бір-біріне тәуелді бірнеше кіші жүйелердің байланысынан, тығыз қарым-қатынасынан тұратын біртұтас жүйені құрайды. Жалпы «жүйе», «құрылым» ұғымдарын айқындау тілдің жүйелі сипаты мен құрылымдық қасиетін танып білуге көмектеседі. Тілдік жүйе – табиғи тілдің ішкі заңына лайық (үйлес), сөздік құрам грамматикалық құрылыштың тұрақты қарым-қатынасқа түсken элементтерінің бірлігі мен тұтастығы.

Тіл белгілі бір құрылымы және қызметі бар, бірбүтін жүйелі құбылыс ретінде өмір сүреді. Тілдің жүйелілік сипатын айқындау тілдің ішкі зандағылқтарымен жакынырақ танысуға мүмкіндік береді. Сондыктан көптеген ғалымдар тілдің осы қасиетіне ерекше назар аударады. Тілдің біртұтас жүйе екендігі алғаш рет XIX ғасырда неміс тілшісі В. фон Гумбольдтің енбектерінде сөз етілді. Ғалым: «Тілде жеке дара ештеңе жок, оның әрбір элементі тек бүтіннің бөлшегі түрінде ғана көрініс береді», деп тілдің өзі бірнеше бөлшектердің жиынтығынан, олардың өзара байланысынан тұратын тұтас құбылыс екенін айтты [6, 268].

XX ғасырдан бастап лингвистикада тілдің жүйелілігі, тілдің құрылымы деген қағидалар тұрақты ғылыми теория ретінде орнығып, ғалымдар тарапынан кең қолданысқа ие бола бастады. Бұл кезеңдегі зерттеулердің теориялық негізін салушы ғалымдар қатарында Ф. де Соссюр мен Бодуэн де Куртене болды. Тіл жүйесі теориясын жасауда әсіресе Ф. де Соссюр үлкен үлес қосты. Ғалымның ойынша, әрбір тіл бөлек-бөлек жүйелер. Ол жүйелер өзара тығыз байланыста тұратын әртүрлі элементтерден құралады. Жүйе элементтерінің мәні оларды бір-біріне ұқсастыру, немесе, қарама-қарсы қоя қараша арқылы айқындалады. Тілдік жүйе дегеніміз – таңбалар

жүйесі, элементтер қатынастарының жүйесі. Ф. де Соссюр тіл жүйесінің диахрондық, синхрондық күйде даму сипатын ашты. Алайда ол тілдік жүйені тек синхрондық тұрғыда зерттелуі керек, оны диахрондық сипатта зерттеу тілдің жүйелік қалпын нақты көрсетпейді деп тұжырымдады. Ғалым тілдік жүйені таңбалардан тұратын таңбалық жүйе деп қарастырды.

Жүйе, құрылым ұғымдары күрделі объективтін ерекшеліктері екендігін Ф. де Соссюр «система – совокупность единиц, в которой каждая единица определяется всеми другими, т.е. получает свою характеристику» деп көрсеткен [7, 42].

Одан ары ғалым: «...тіл – барлық элементтері бір бүтінді құрайтын жүйе, ал бір элементтің маңыздылығы тек өзгелермен қатар колданғандаған айқындалады», – деп тілдің жүйелілігіне баса назар аударды [7, 147]. Ғалымның тілді элементтері бір-бірімен тығыз байланыста болатын, өзінің тәртібіне бағынатын жүйе ретінде анықтауы қа-зіргі тіл білімі үшін де өз маңыздылығын жойған жоқ. Өйткені «...тілді жүйелік қасиеті бар құбылыс, барлық элементтері бір-бірімен тығыз байланысты, өзара бағынышты (тәуелді) біртұтас (бір бүтін) құбылыс деп карау тілдің табиғатын, бүтін мен оны құрастыруши бөлшектердің арақатысын, атап айтқанда, бүтіннің оны құрастыруши бөлшектерге (тілдік элементтерге) тәуелділігін, керісінше, бөлшектердің бүтінге (тілдің бүтіндей жүйесіне) тәуелділігін айқындауға мүмкіндік береді. Тілдің жүйесін тілдік жеке құбылыстардың (тілдік элементтердің, бірліктердің) өзара байланысы тұрғысынан, бүтіннің өз ішіндегі жеке құбылыстарды бағындыруы, билеуі тұрғысынан зерттеу айрықша мәнге ие болады» [8, 68].

Тілдік жүйе (орыс. система языковая) – кез келген табиғи тілдің бір-бірімен қатынаста, байланыста тұрып, белгілі бір тұтастықты, бірлікті тудыратын тілдік элементтердің жиынтығы. Жүйе құрамындағы бөлшектер, тұлғалар жүйе элементтері деп аталады. Тілдік жүйе құрамындағы бөлшектердің өзара жымдасып, берік бірлікте, шартты қатынаста болуын талап етеді [9, 258]. Тіл жүйесі теориясын жасауда Ф. де Соссюр үлкен үлес қости дедік. Ғалымның ойынша, әрбір тіл бөлек-бөлек жүйелер. Ол жүйелер өзара тығыз байланыста тұрғытын әртүрлі элементтерден құралады. Жүйе элементтерінің мәні оларды бір-біріне ұқсастыру, немесе, қарама-қарсы қоя карау арқылы айқындалады. Тілдік жүйе дегеніміз – таңбалар жүйесі, элементтер қатынастарының

жүйесі. Ф. де Соссюр тіл жүйесінің диахрондық, синхрондық күйде даму сипатын ашты. Алайда ол тілдік жүйені тек синхрондық тұрғыда зерттелуі керек, оны диахрондық сипатта зерттеу тілдің жүйелік қалпын нақты көрсетпейді деп тұжырымдады. Ғалым тілдік жүйені таңбалардан тұратын таңбалық жүйе деп қарастырды.

Жүйе, құрылым ұғымдары күрделі объективтін ерекшеліктері екендігін Ф. де Соссюр «система – совокупность единиц, в которой каждая единица определяется всеми другими, т.е. получает свою характеристику» деп көрсеткен [7, 42]. Басқаша айтқанда, жүйе бөліктері мен элементтері жүйелі, үйлесімді құрылған тұтастықты білдіретін ғылыми ұғым/фонемалар байланысы, олардың құшті және өлсіз позициялары т.б. Ал құрылым деп тұтас бір заттың бөлімдерінің өзара орналасуын айтамыз (фонемалардың әртүрлі парадигматикалық және синтакматикалық байланыстарының ерекшелігі т.б.).

Тілдік жүйе деп – бір-бірімен байланысып тұрған, тәртіпке түскен, біртекtes тілдік элементтер мен олардың өзара қатынастарының, байланыстарының жиынтығын айтамыз» [10, 69].

Б. Қалиев тілдік жүйе болу үшін бес шарт орындалуын алға тартады: бірінші, бір заттан ешкандай жүйе тумайды. Жүйе болу үшін бірнеше зат болу керек. Екінші, ол көп заттың біртекtes болуы шарт. Үшінші, кез келген біртекtes көп зат жүйелі бола бермейді. Ол үшін олар белгілі бір тәртіпке келтірілген болуы керек. (Мәселен, жіктік, септік жалғауларының реті т.б.). Төртінші, тәртіпке келтірілген заттардың элементтері өзара байланысты, шартты қатынаста болуы қажет. Бесінші, ол элементтер бүтінге тәуелді болуы шарт. Міне, осы сияқты «керектер» мен «шарттар» түгел болса ғана жүйелілікті іздеуге болады.

Сайып келгенде, жүйенің қасиеттерін, оның құрылымы мен субстанциясының бүтіннің элементтерінің арасындағы қатынастардың схемасын да құрылым деп атайды. Ал жүйе, қалай болсын белгілі құрылымның болуын анғартады. Дегенмен, жүйе тек құрылымнан ғана тұрмайды. Әрбір жүйе оған өте-мөте тән және бір-бірімен байланысты үш тұрлі атрибуттың – құрылым мен субстанцияның және қызметтің (функция) ұштасып келуінен және олардың диалектикалық бірлігінен құралып, өмір сурәді және дамиды. Жүйелік тұрғыдан қарау және қызметтің өзара қатынасын айқындау арқылы талдап түсіндіруге келіп тіреледі.

Тілдік жүйе, тілдік құрылым (структурда) деген терминдер өзара тығыз байланысты. Бірақ олар тепе-тен емес, бір-бірінен өзгешеліктері бар. Екеуі де тілдік элементтер қарым-қатынасы мен байланыстарының жиынтығы. Бұлардың бір-бірінен айырмашылығы: жүйе – тілдік элементтердің және олардың катынастары мен байланыстарының жиынтығына катысты ұғым, ал құрылым – тек катынастар мен байланыстарға ғана катысты ұғым [11, 23]. Құрылымсыз жүйе болмайды, жүйе бар жердің бәрінде құрылым бар. Құрылым катынастардың схемасы дегенді білдіре се, осыған орай құрылым ұғымы жүйенін бір ғана шағын жағы – оның реляциялары (катынасты білдіруші) қаңқасын сипаттайты. Ал жүйе ұғымы – құрылым ұғымынан әрі кең, әрі күрделі ұғым. Жүйе – рет-ретімен орналасып, ұйымдастан біртұтас құбылыс. Сонымен жүйе құрылымға ие болатын, белгілі бір мақсатты орындау үшін осы құрылымды субстанция арқылы іске асыратын ұйымдастан, ретке келген бүтін (организованное целое) ретінде қаралады.

Тілдегі құрылым әр текстес элементтердің аракатынасынан және бірлігінен тұрады. Ол элементтер мыналар: а) дыбыс (фонема), ә) морфема, б) сөз, в) сөйлем. Бұл элементтердің арасындағы айырмашылықтар – сапалық айырмашылықтар. Демек, аталған тілдік элементтер бір-бірінен сапасы жағынан ажыратылады. Эрбір элементтің сапасын оның қызметі айқынданап белгілейді.

Тілдік жүйе – өте көп қабатты құбылыс. Қазіргі тіл деңгейлерінің әрқайсысы жеке жүйе болып табылады. Сонымен бірге олар өз ішінде бірнеше шағын, не ұсақ жүйелерге бөлінеді. Мысалы, тілдің фонетикалық деңгейі өз ішінде: дауысты, дауыссыз дыбыстар жүйесіне; дауыстылар – жуан – жінішке, ашық – қысан, еріндік-езулік болып, дауыссыздар; үннің катысына қарай – қатан, ұян, ұнді, жасалуына қарай тағы бірнеше топқа бөлінеді. Осындай жағдайды басқа тіл деңгейлерінен де көруге болады. Сонда біртұтас тіл жүйесінен дегеніміз фонетика, лексика, морфология, синтаксис ірі деңгейлердің жүйесінен тұратын жүйелердің жүйесі болып табылады. Осы күнгі тіл білімінде тілдік жүйе – анықталған мәселе.

Тілдік жүйе қазіргі кезде бір-бірімен байланысты: тіл деңгейлері тіл бірліктері, парадигматика, синтакматика, тілдің таңбалылығы, тілдің формасы мен функциясы, тілдің сыртқы және ішкі жағы, диахрония-синхрония, жүйелілік-жүйесіздік, анализ-синтез, гетрогендік-гоиоген-

дік т.б. ұғымдармен байланысты жеке тілдердің даму ерекшеліктеріне сай тереңдетіліп зерттелуде [9].

Тіл атаулыға тән құрылымдық-жүйелік сипат оның зерттелетін «объектіні тұтас күйінде танып білуге мүмкіндік тудыратын» қызметімен анықталады. К. Аханов «Жүйесіз нәрсени жадында сактау киын» деген қағидаға сүйене келе, тілдік бірліктердің құрылымдық деңгейлеріне, олардың тығыз байланысқа түсер сатылы қарым-қатынасына мән береді. Ғалым жекелеген элементтер арасында сакталатын зандалықтар, тілдің құрылымдық жүйесі өзгеше танымдық процесті құрайды деп есептеді [12, 34].

Тілдерді жүйелеу – дүние жүзіндегі тілдерді белгілі бір таксономиялық топқа жатқызу. Тілдерді жүйелеу мәселесі тілдерді салғастырған кезде пайда болады. Тілдерді жүйелеудің негізгі екі түрі болады: генеологиялық (тектика) және типологиялық жүйе. Генеологиялық жүйенін негізін «туыстық» түсінігі құраса, типологиялық жүйеде негізге «ұқастық» түсінігі алынады (формалды не семантикалық ұқастық) [13, 242].

Тілді бір-бірімен байланысты жүйе және құрылым бойынша тілдің әртүрлі деңгейінде қарастыру (мәселен, фонема, морфема, сөйлемнің құрылымы және т. б.) әр тілдің табиғатын толық ашуға мүмкіндік береді. Бір тілдің құрылымын екінші тілдің құрылымымен салыстыру арқылы оларға тән жеке жалпы зандалықтарды анықтауға болады.

Әлем тілдерінің жалпы лингвистикалық табиғатын неғұрлым терен танып білуде, тілдің грамматикалық құрылышын тұтас бір жүйе реңінде, оның грамматикалық құрылышындағы құбылыстарды, тілдік бірліктерді өзара тығыз байланысты қарауды лингвистикалық типология өз үлесіне алуда.

Құрамына парадигматика мен синтакматика енетін тілдің екі түрлі өлшемді құрылышы тура-лы ереже қазіргі лингвистиканың постулаты болып табылады. Тілдің жүйесін анық-канығына дейін сипаттау үшін міндетті түрде ондағы парадигматикалық ғана емес, сондай-ақ, синтакматикалық катынастарды да қарастыру керек, ейткені Ф. де Соссюрдің пікірінше, олар тілді қурайды және оның функциялануын анықтайды [11, 31]. Қазіргі заман тіл білімі жалпы тілдік элементтер арасындағы катынастарды үш түрге бөледі. Олар: синтакматикалық катынас, парадигматикалық катынас, иерархиялық катынас.

Синтакматикалық қатынас дегеніміз – көлденең (горизонталь) бағыттағы тіркесу, байланысу. Синтакматикалық қатынаста болатындар – негізінен күрделілік жағынан бірыңғай болып келетін біртекtes элементтер. Мысалы, дыбыс пен дыбыс, (*m-o-c*), морфема мен морфема (*tos-tık*), сөз берін сөз (*tos қалта*). Күрделілік дәрежелері әртүрлі, әртекtes, элементтер бір бірімен синтакматикалық қатынасқа түс алмайды. Мысалы, дыбыс пен сөз, сөз берін сөйлем.

Парадигматикалық қатынас дегеніміз – мағыналық функциялық жағынан біртекtes, ал формалық жағынан әртекtes болып келетін элементтердің (тулғалардың) жиынтығы, тобы. Олар тік (вертикаль) бағытта байланысқа түседі. Мысалы, фонемалар парадигмасы, морфемалар парадигмасы.

Бір-бірімен синтагматикалық байланысқа келе алатын элементтердің барлығы да парадигматикалық топ құра алады. Ал өзара синтагматикалық қатынасқа келе алмайтын әр текtes элементтер бір парадигматикалық топ құра алмайды. Мысалы, тілдеңі барлық сөздер (лексика) қосымшаларымен (морфология) бірігіп бір парадигма құрамына ене алмайды. Мұндай әртекtes элементтер иерархиялық қатынасқа түс алады.

Ендеше иерархиялық қатынас деп – парадигматикалық топтың (мысалы, дыбыс, морфема) өзінен гөрі ірірек, күрделірек парадигматикалық топтың (мысалы, сөз, сөйлем) құрамына енуін айтады. Мәселен, дыбыстар морфемалар құрамына, морфемалар сөз құрамына, сөз сөйлем құрамына енеді. Бұлардың әрқайсысы – өз алдарына бөлек-бөлек, бір-бір жоғарғы топтар. Иерархиялық қатынасқа мүше болатындар да осылар. Олар – әртекtes элементтер. Сондықтан, оларды кейде тілдік қабаттар немесе деңгейлер (уревы), болмаса, құрылымдық элементтер деп атауға болады [10, 69]. Парадигматикалық және синтагматикалық фонемалар арасында байланыс бар екенін атап өткен жөн. Фонемалар тіркесінің шектелуі фонемалар парадигмасына тікелей әсер етеді. Олардың қарама-қайшылықтарының мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтайды.

В. В. Иванов: «Синтагматика порождает парадигматику», – деген ой корытындысымен жоғарыдағы пікірді раставиды [14, 6]. Кейір ғалымдар синтагматикалық талдау парадигматикалықтан алдын келеді деп тұжырымдайды [15, 26]. Алайда, зерттеуші тілді сипаттауда синтагматикалық әрі парадигматикалық талдауды байланыстыра қарастыру керектігін атап өту кажет.

Осыған орай мынадай сұрақ туындауды: Зерттеудің неден бастаған дұрыс, синтагматикадан ба, өлде парадигматикадан ба? Бұл мәселе әр кез әртүрлі шешімін тапқан, өйткені, оның себебі зерттеудің мақсатымен ғана емес, сондай-ақ, тілдің зерттелуі және менгерілуі де дәрежесіне байланысты болады [16, 241].

Салыстырмалы-типология бойынша алынған фонетикалық зерттеулер мына материалдар негізінде жүргізіледі:

- а) әртүрлі жүйедегі (туыс емес) тілдер арасында;
- ә) жақын, туыс тілдер арасында;
- б) туыстыры алыс тілдер арасында.

Араб тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне көптеген ғалымдар (арабистер) өз енбектерінде тоқталып өткенні белгілі. Мәселен, С. С. Кенесбаевының «Фонотактические модели арабизмов в казахском языке» монографиясында, сондай-ақ Б. С. Тасымовтың «Араб тілі» оқулығында араб және қазақ тілдерінің фонетикалық ерекшеліктеріне арнайы тоқталып, өте құнды пікірлер айтылған.

Жалпы тіл білімінде типологиялық классификация бойынша араб тілі хамит-самит тілдері тармағына енсе, қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай тармағына жататыны белгілі.

Олай болса, құрылымы әртүрлі, әртүрлі жүйедегі, туыс емес екі тілдің фонетикасын-фонологиясын салғастыра-салыстыра зерттеу көптеген тілдік ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік жасайды.

ӘДЕБІЕТ

1. Трубецкой Н.С. Основы фонологии / Пер. с немец. М.: ИЛ, 1960. 342 с.
2. Звегинцев В.А. История языкоznания XIX и XX веков в очерках и извлечениях. Ч. II. М., 1960.
3. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. 783 б.
4. Из истории отечественной фонологии. М., 1970. 517 с.
5. Реформатский А.А. Введение в языкоznание. М., 1997.
6. Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкоznанию. М.: Прогресс, 1984. 398 с.
7. Фде Соссюр. Курс общей лингвистики. М., 1933.
8. Гухман М.М. Лингвистические универсалии и типологические исследования. 1975.
9. Қалиев F. Тіл білімі терминдерінің түсіндірme сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. 368 б.
10. Қалиұлы Б. Жалпы тіл білімі. Алматы, 2004.
11. Фде Соссюр. Труды по языкоznанию. М.: Прогресс, 1977. 285 с.

12. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы: Санат, 1993. 489 б.

13. Салқынбай А. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. 301 б.

14. Иванов В.В. Синтагматика и парадигматика фонем русского языка // РЯНШ. 1972. №4.

15. Шаброва В.А. Синтагматическое отношение согласных в современном русском языке: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. М., 1976. 26 с.

16. Резвин И.И. Метод моделирования и типология славянских языков. М.: Наука, 1967. 300 с.

Резюме

В статье рассматривается фонологическая типология арабского и казахского языков, в частности, понятия “фонология”, “структура”, “система”, как основные уровни лингвистической типологии.